

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 тамыздағы № 821 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Сауда ережелерін бұзғаны және тұтынушылардың құқықтарына қысым жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 25 ақпандағы № 152 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., № 5, 63-құжат);

2) «Бөлшек сауда кәсіпорындарында алмастыруға жатпайтын азық-түлік емес тауарлар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 29 қыркүйектегі № 960 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., № 40, 464-құжат);

3) «Қазақстан Республикасындағы Тәуелсіз тұтыну сараптамасы туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 мамырдағы № 639 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 24, 201-құжат).

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*